

**Қазақстан Республикасы Конституциясы 44-бабының 2)-тармақшасын, 45-бабының 2-тармағын, 61-бабының 2-тармағын, 62-бабының 2-тармағын, 72-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын ресми түсіндіру туралы**

Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің қаулысы 2000 жылғы 3 шілде N 15/2.

**Ескерту. Қаулыға өзгеріс енгізілді – ҚР Конституциялық Кеңесінің 17.04.2017 № 2 нормативтік қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі Төрағасының міндетін атқарушы В.Д. Шопин, Кеңес мүшелері Ж.Д. Бұсырманов, А. Есенжанов, А.К. Котов және Қ.Ә. Омарханов қатысқан құрамда, өтініш субъектісінің өкілі - Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі мемлекеттік-құқықтық бөлімі меңгерушісінің бірінші орынбасары Т.С. Донаковтың қатысуымен, өзінің ашық отырысында Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы Конституциясы К951000\_ 44-бабының 2)-тармақшасын, 61-бабының 2-тармағын, 62-бабының 2-тармағын, 72-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын ресми түсіндіру туралы өтінішін қарады.

Қолдағы бар материалдарды зерделеп шығып, баяндамашылар - Конституциялық Кеңес мүшелері Қ.Ә. Омархановтың және В.Д. Шопинның баяндамаларын, өтініш субъектісі өкілінің сөзін тындап, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі мынаны анықтады:

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесіне 2000 жылғы 30 маусымда Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Республикасы Конституциясы К951000\_ 44-бабының 2)-тармақшасын, 61-бабының 2-тармағын, 62-бабының 2-тармағын, 72-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын осы нормаларда "заң" термині қолданылатын бөлігін ресми түсіндіру туралы өтініші келіп түсті.

Өтініш субъектісі көрсетілген конституциялық нормаларды түсіндіру кезінде, Z952529\_ "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" Конституциялық заңның 13-бабының 1-тармағында, дәлірек айтқанда, Парламент Қазақстан Республикасы заңдары нысанындағы заң актілерін, соның ішінде конституциялық заңдарды да, қабылдайды делінген болса, "заң" терминінің "конституциялық заң" түсінігін білдіретінін не білдірмейтінін анықтауды сұрайды.

Конституциялық Кеңес отырысының барысында өтініш субъектісінің өкілі Қазақстан Республикасы Президентінің U952737\_ "Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының 21-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сай Конституцияның 45-бабы 2-тармағының өтініште

қойылған сұрақ бөлігінде ресми түсіндіруді енгізіп, өтінім көлемін ұлғайту туралы өтінішін мәлімдеді.

Осы өтінішті қарағанда Конституциялық Кеңес мынаны негізге алады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000\_ 62-бабы 1-тармағына сәйкес Парламент Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар Қазақстан Республикасының заңдары, Парламенттің қаулылары, Сенат пен Мәжілістің қаулылары түрінде заң актілерін қабылдайды. 62-баптың 2-тармағында заңдардың Республика Президенті қол қойғаннан кейін күшіне енетіні белгіленген. Конституцияның осы нормасы заңдардың барлық түрлеріне де, оның ішінде конституциялық заңдарға да қолданылады.

Одан кейін, көрсетілген бапта Парламенттің заңдарды қабылдау тәртібі: Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар әр Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшінің көпшілік даусымен (3-тармақ); конституциялық заңдарға - әр Палата депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісінің көпшілік даусымен (4-тармақ); Қазақстан Республикасының заңдарына, егер Конституцияда өзгеше көзделмесе, Палаталар депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен (5-тармақ) енгізілетіні белгіленген.

Конституцияның К951000\_ 62-бабының мазмұны "заң" терминінің Парламент қабылдайтын заң актісінің нысаны ретінде "конституциялық заң" ұғымын да білдіретінін дәлелдейді, "Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы" Z952529\_ Конституциялық заңның 13-бабының 1-тармағы да осыны растайды.

Конституцияның 44-бабы 2) тармақшасында белгіленген Мемлекет Басшысының Парламент Сенаты ұсынған заңға қол қою не заңды немесе оның жекелеген баптарын қайтадан талқылап, дауысқа салу үшін қайтару құқығы тең деңгейде конституциялық заңға да қолданылады. Егер "заң" термині конституциялық заңдарды қамтымайтын болса, онда Республика Президенті Парламент қабылдаған конституциялық заңдарға "вето" қою құқығынан айрылып қана қоймай, сонымен бірге Конституцияның 72-бабы 1-тармағының

2) тармақшасына сәйкес өзіне қол қоюға келіп түскен конституциялық заңдардың Республика Конституциясына сәйкестігін тексеру туралы өтінішті Конституциялық Кеңеске жолдау құқығынан да айрылатын болады, ал бұл Республика Президентінің биліктің барлық тармақтарының тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы келісімді түрде қызмет істеуін қамтамасыз ету конституциялық принципіне қайшы келеді.

Конституцияның 61-бабының 2-тармағы Республика Президентінің заңдар жобаларын қараудың басымдылығын белгілеу құқығын бекітеді. Бұл жерде "заң" термині жай заңдарды ғана емес, конституциялық заңдарды да қамтиды. Бұл ережені

заң қызметінің практикасы да дәлелдеді. Айталық, Мемлекет Басшысы жай заңдар мен конституциялық заңдардың басымдылығын белгіледі және жедел қаралады деп жариялады.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Конституциялық Кеңес Қазақстан Республикасы Конституциясы К951000\_ 44-бабының 2)-тармақшасында, 61-бабының 2-тармағында, 62-бабының 2-тармағында, 72-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында "заң" санаты кең мағынада қолданылған, яғни айтқанда, өз мағынасында Республика заңдарын ғана емес, сонымен қатар Қазақстан Республикасының конституциялық заңдарын да қамтиды деп есептейді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000\_ 72-бабы 1-тармағының

4) тармақшасын, Қазақстан Республикасы Президентінің U952737\_ "Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының 17-бабы 3-тармағының 1) тармақшасын, 37 және 41-баптарын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасы Конституциясы 44-бабының 2)-тармақшасын, 61-бабының 2-тармағын, 62-бабының 2-тармағын, 72-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын осы нормаларда "заң" термині қолданылатын бөлігін ресми түсіндіру ретінде Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясы К951000\_ 44-бабының 2)-тармақшасында, 61-бабының 2-тармағында, 62-бабының 2-тармағында, 72-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында қолданылатын "заң" санаты өз мағынасында "конституциялық заң" ұғымын қамтиды.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Конституциялық Кеңесінің 17.04.2017 № 2 нормативтік қаулысымен.**

2. Қазақстан Республикасы Конституциясы 74-бабының 3-тармағына сәйкес, осы қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді, шағымдануға жатпайды, Қазақстан Республикасы Конституциясы 73-бабының 4-тармағында көзделген жағдайды ескеріп, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және түпкілікті болып табылады.

3. Осы қаулы қазақ және орыс тілдерінде республикалық ресми баспасөз басылымдарында жариялансын.

*Қазақстан Республикасы*

*Конституциялық Кеңесі*

*Төрағасының міндетін атқарушы*